

**Кедендік баждар мен салықтар төлеуден толық босатыла отырып, уақытша әкелінетін және кедендік баждар төлеуден толық босатыла отырып, уақытша әкетілетін тауарлардың тізбесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 шілдедегі N 668 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 наурыздағы  
№ 272 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.25 № 272 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 191 , 200-баптарына сәйкес  
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Кедендік баждар мен салықтар төлеуден толық босатыла отырып, уақытша әкелінетін және кедендік баждар төлеуден толық босатыла отырып, уақытша әкетілетін тауарлардың тізбесі бекітілсін.  
Қараңыз.К100296

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Уақытша тауарлар әкелуге (әкетуге) кеден режимін қолданудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 наурыздағы N 342 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 13 , 100 - қ ұ ж а т ) ;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 наурыздағы N 342 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 қарашадағы N 1689 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 46, 551-құжат);

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 наурыздағы N 342 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 23 тамыздағы N 1100 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 30, 391 - қ ұ ж а т ) .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 8 ш і л д е д е г і

N 6 6 8 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## **Кедендік баждар мен салықтар төлеуден толық босатыла отырып, уақытша әкелінетін және кедендік баждар төлеуден толық босатыла отырып, уақытша әкетілетін тауарлардың тізбесі**

1. Шетелдік (әкету кезінде - қазақстандық) заңды және жеке тұлғаларға тиесілі: баспасөз, радио немесе теледидар жабдықтары, кинематографиялық жабдықтар, кез келген басқа да жабдықтар (тауарларды өнеркәсіптік өндіру, тауарларды тасымалдау, табиғи ресурстарды пайдалану, үйлерді, құрылыстарды және ғимараттарды салу, жөндеу және ұстау, тауарларды орау, жер қазу жұмыстары үшін пайдаланылатын жабдықтардан және басқа да ұқсас жабдықтардан басқа) және қолөнермен немесе кәсіппен айналысу үшін қажетті (қосалқы аппараттарды, керек-жарақтар мен материалдарды қоса алғанда) және олар нақты жұмысты орындау үшін әкелетін (әкететін) аспаптар.

2. Уақытша әкелінген (әкетілген) кәсіптік жабдықтар мен аспаптарды жөндеуге арналған қосалқы бөлшектер.

3. Көрмелерде, жәрмеңкелерде, конкурстарда, съездерде, симпозиумдарда, семинарларда, халықаралық кездесулерде және басқа да ұқсас іс-шараларда (әкелінген (әкетілген) тауарларды сату мақсатында өткізілетін өндірістік немесе өзге де коммерциялық қызметті жүзеге асыру орындарындағы көрмелерді қоспағанда) көрсетуге арналған тауарлар, сондай-ақ тауарларды көрсету кезінде не халықаралық кездесулер, конференциялар мен конгрестер барысында пайдалануға арналған қосалқы жабдықтар мен материалдар.

4. Егер көрсетілген жабдықтардың, материалдардың, қосалқы бөлшектер мен аспаптардың шетелдік (әкету кезінде - қазақстандық) заңды және жеке тұлғалардың меншігінде қалуы шартымен болса, ғылыми-зерттеу және оқу мақсаттарына арналған жабдықтар мен материалдар, сондай-ақ осындай жабдықтарды жөндеуге, ондауға және бақылауға арналған қосалқы бөлшектер мен аспаптар.

5. Егер мұндай материалдар шетелдік (әкету кезінде - қазақстандық) заңды және жеке тұлғалардың меншігінде қалатын болса, шетелдік (әкету кезінде - қазақстандық) теңіз кемелері экипаждарының әлеуметтік-тұрмыстық өмір сүру жағдайларын (яғни мәдениет, білім, демалыс, діни және спорт саласындағы) жақсартуға арналған материалдар.

6. Мемлекеттік органдар мен мекемелерге, уақытша пайдалануға өтеусіз берілетін табиғи зілзалалардың, авариялар мен апаттардың зардаптарын жоюға арналған тауарлар.

7. Контейнерлер (контейнермен бірге әкелінетін (әкетілетін) және онымен бірге, жеке немесе басқа контейнермен бірге қайтарылатын не жеке әкелінетін (

әкетілетін) және контейнермен бірге қайтарылатын аталған контейнер үшін қажетті керек-жарақтар мен жабдықтарды қоса алғанда), сондай-ақ уақытша әкелінген (әкетілген) контейнерлерді жөндеуге арналған қосалқы бөлшектер.

## 8 . Та б а н д а р .

9. Өзге де көп айналымды ыдыс пен орам.

10. Егер олар шетелдік (әкету кезінде - қазақстандық) заңды және жеке тұлғаның меншігінде қалған және тек осындай үлгідегі тауарларға арналған тапсырыстарды алуға арналған, ал ұқсас тауарлардың саны екі данадан аспаған жағдайда, ү л г і л е р .

11. Бір данадағы не бруттоның жалпы салмағы 1 килограмнан аспайтын жарнамалық материалдар (каталогтар, прейскуранттар және коммерциялық проспектілер) .

12. Егер бұл фильмдер шетелдік (әкету кезінде - қазақстандық) заңды және жеке тұлғалардың меншігінде қалған, шетелдік (әкету кезінде қазақстандық) заңды және жеке тұлға ұсынатын шетелдікке (әкету кезінде - қазақстандыққа) жатқан, мүмкін болатын сатып алушыларға көрсету үшін ғана жараған жағдайда, егер көрсетілген жарнамалық фильмдер бір данада әкелінген (әкетілген) жағдайда, тауарлардың қасиеттерін немесе жұмыс істеуін ашатын жарнамалық ф и л ь м д е р .

13. Сынақтар, тексерулер, эксперименттер жүргізуге арналған тауарлар.

14. Уақытша және деректерді автоматты түрде өңдеуге пайдалану үшін ұсынылатын сандық ақпаратты тасығыштар.

15. Емдеу және басқа да медициналық ұйымдар мен мекемелер диагностикалық, хирургиялық немесе терапевтік мақсаттарда пайдалану үшін уақытша қолдануға өтеусіз берілетін және шетелдік (әкету кезінде - қазақстандық) заңды және жеке тұлғаның меншігінде қалатын медициналық, хирургиялық немесе зертханалық жабдықтар.

16. Егер мұндай тауарлар шетелдік (әкету кезінде - қазақстандық) заңды және жеке тұлғаның меншігінде қалған жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағындағы (әкету кезінде - одан тысқары жерлердегі) спорт жарыстарына, көрсетімдік спорттық іс-шараларға немесе жаттығуларға арналған тауарлар.

17. Егер мұндай жануарлардың шетелдік (әкету кезінде - қазақстандық) заңды және жеке тұлғаның меншігінде қалуы шартымен болса, жаттықтыру, үйрету, өсіру, малдәрігерлік емдеу, азықтандыру, сынақтарды, құтқару операцияларын жүргізу, арнайы функцияларды жүзеге асыру, көрмелерге, конкурстарға, жарыстарға, шерулерге, спектакльдерге, көрсетілімдерге және басқа да ұқсас іс-шараларға қатысу үшін, сондай-ақ медициналық мақсаттарда және Қазақстан Республикасының кеден шекарасына іргелес орналасқан алқапта пайдалану үшін жұмыс малы ретінде (тиісті жабдықтарымен бірге) уақытша әкелінетін (

әк е т і л е т і н )

ж а н у а р л а р .

18. Театр (цирк) костюмдері, сахналық жабдықтар және көрсетілімдер, спектакльдер және ұқсас іс-шаралар өткізуге арналған басқа да театр (цирк) р е к в и з и т і .

19. Шетелдік (әкету кезінде - қазақстандық) заңды және жеке тұлғаның меншігінде қалатын кино- және бейнефильмдер, диапозитивтер, фотосуреттер және фото және кино конкурстары мен ұқсас іс-шараларда көрсетуге арналған бекітілген бейнесі бар, басқа да материалдар.

20. Астық, техникалық, майлы және басқа да дақылдарды жинауға арналған комбайндар, ұзын аспалы, тіркемелі дестелегіштер.

21. Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу саласындағы уәкілетті орган пайдалануға құқық берген авиабағыттар бойынша ұшуға арналған азаматтық әуе к е м е л е р і .

**Ескерту. Қаулының тізбесі 21-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 7 шілдедегі N 742 қаулысымен .**

22. Қазақстан Республикасына/Қазақстан Республикасынан әкелінетін/әкелілетін, жолтабаны 1435 және 1520 мм темір жолдарда жолаушылар вагондарын пайдалануды қамтамасыз ету үшін қолданылатын арбашықтар.

**Ескерту. Қаулының тізбесі 22-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 4 шілдедегі N 571 қаулысымен .**